

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2025 оқу жылындағы кезектен тыс
Стратегиялық даму және сапа комитетінің №1 мәжілісі

Түркістан қаласы

19 наурыз 2025 жыл

Сағат 14:30

Қатысқандар: Комитет мүшелері

Шақырылғандар: Ішкі аудиторлар

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы стандарты жобасын бекітуге ұсыну туралы;
2. Университет сайтындағы кафедралардың веб-беттерін толтыру тәртібі стандарты жобасын бекітуге ұсыну туралы;
3. SWOT–талдауды актуализациялау;
4. Стейкхолдерлерді талдау;
5. Сапа менеджменті жүйесі құжаттарын актуализациялау;
 - 5.1. Университет стандартын дайындау, келісу және бекіту тәртібі стандарты;
 - 5.2. Құрылым ережесін дайындау, келісу және бекіту тәртібі стандарты;
 - 5.3. Қызметтік нұсқауды дайындау, келісу және бекіту тәртібі стандарты;
 - 5.4. Жұмыс нұсқауды дайындау, келісу және бекіту тәртібі стандарты;
 - 5.5. Құжатталған ақпараттарды басқару процедурасы.
6. Әр түрлі мәселелер.
 - 6.1. ISO 9001:2015 Халықаралық стандарты бойынша сертификатты жаңарту аудиті туралы. Жұмыс тобын құру туралы;
 - 6.2. Құрылымдық бөлімдердің идентификациялық нөмірлерін бекітуге ұсыну.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы университеттің оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайы туралы сөз сөйледі.Бұл стандарт Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық аудиторияларында қолданылады және Сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына енеді сонымен қатар, университет осы стандартының негізгі мақсаты оқу аудиторияларының жабдықталуы мен санитарлық жағдайын талапқа сәйкестендіру, талапқа сәйкестігін тексеру жүргізу тәртібіне және бұларға енгізілетін өзгерістердің шарттарын белгілеуге мүмкіндік беретіндігі туралы айта келе сөз кезегін орталық басшысы С.Қырыкбаеваға берді. Орталық басшысы университет Ректорының бұйрығымен аудиторлық қорына жүргізілген ішкі аудит мерзімі 19.08.2024 –

29.08.2024ж. күндері аралығында жүргізілді. Аудиториялардың оқу жылына дайындығы, бөлмелердің барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі бойынша дайындық ретінде ішкі аудит жүргізілген болатын. Ішкі аудит барысында көптеген сәйкессіздіктер табылды, яғни олар бөлме терезелерінің дұрыс жабылмауы немесе ашылмауы, бөлмелердің тазалығы, жарықтандыру, орындықтың, басқа да жиһаздардың жұмыс жағдайы, техникалық жабдықтардың дұрыс жұмыс жасамауы, қабырғалар, аудиторияның сыйымдылығына сәйкес жасақталуы т.б тексерілді.

Шешім: Оқу аудиторияларының жабдыкталуы мен санитарлық жағдайы туралы стандарт енгізілсін. *(Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: 2025ж. 31 наурызға дейін).*

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орталық басшысы С.Кырыкбаева университет сайтындағы кафедралардың веб-беттерін толтыру тәртібі стандарты жобасын бекітуге ұсыну туралы сөз етті. Университет осы стандартының негізгі мақсаты университет веб-сайтында кафедралардың веб-беттерінің рәсімделуіне, толтыру тәртібіне және бұларға енгізілетін өзгерістер талаптарының тәртібін белгілеу. Университеттің осы стандарты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық аудиторияларында қолданылады және Сапа менеджменті жүйесі құжаттарының құрамына енеді. Кафедралардың веб-беттерін стандарттау олардың мазмұнының сапасын арттырып, университеттің жалпы ақпараттық кеңістігін жақсартатындығын, бұл студенттер, оқытушылар және басқа пайдаланушылар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететіндігін маңызды екендігін айтып өтті. Комитет мүшелерімен бірауздан шешімге келе отырып, құжатты бекітуге ұсынуды қолдады.

Шешім: Университет сайтындағы кафедралардың веб-беттерін толтыру тәртібі стандарты жобасын бекітілсін.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша SWOT–талдауды актуализациялау туралы орталық басшысы С.Кырыкбаева жиналыс барысында SWOT-талдаудың әрбір компоненті бойынша барлығын көрсетіп, көптеген мағлұматтар берді, әсіресе, сыртқы ортаның өзгеруі мен университеттің ішкі мүмкіндіктерін ескере отырып, келесі бағыттар бойынша өзгерістер енгізіліп жатқандығын айта өтті. Олар келесідей:

- Күшті жақтардың артықшылықтары мен оларды қалай тиімді пайдалануға болатындығы туралы қорытындылар.
- Әлсіз жақтарды жою немесе жетілдіру үшін ұсыныстар.
- Мүмкіндіктерді пайдаланудың жаңа стратегиялары.
- Қатерлерге қарсы әрекет ету үшін қабылданатын шаралар.
- Жаңа SWOT-талдауды университеттің стратегиялық жоспарына енгізу.
- Қабылданған шешімдер мен ұсыныстардың орындалуын бақылау.
- Ағымдағы SWOT-талдаудың орындалуын тексеру үшін қайта талдау жасау.

Орталық басшысы алдағы уақытта университеттің Даму стратегиясы осы талдау негізінде түзетілетіндігін баса айтты. Комитет мүшелері қабылдаған шешімдер мен ұсыныстарды толықтай мақұлдады.

Шешім: SWOT-талдау бекітілсін.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша орталық басшысы С.Қырыкбаева стейкхолдерлерді талдау - Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық университетінің стратегиялық басқару процесінің маңызды бөлігі. Ол университеттің барлық мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынас орнатуына, олардың мүдделерін ескеруге және тұрақты даму мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретіндігін айтып өтті. Олар:

Стейкхолдерлерді таңдау және басқару процесі 6 кезеңнен тұрады:

1. Барлық стейкхолдерлерді анықтау
2. Барлық стейкхолдерлердің негізгі қажеттіліктерін анықтау
3. Әр стейкхолдерлердің мүдделері мен ықпалын талдау
4. Стейкхолдерлердің үміттерін басқаруға арналған әрекеттер тізімін қалыптастыру
5. Жоспарланған әрекеттерді іске асыру
6. Басқару нәтижелерін талдау және процесті қайталау

Комитет мүшелері бірауыздан шешім қабылдап, қолдайтындарын білдірді.

Шешім: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің стейкхолдерлерін талдау бекітілсін.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша орталық басшысы С.Қырыкбаева сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарын актуализациялау-бұл университеттің сапаға қатысты барлық ішкі құжаттарының (процедуралар, ережелер, нұсқаулықтар, саясаттар, стандарттар және жазбалар т.б.) өзектілігін қамтамасыз ету процесі екендігін және бұл ISO 9001:2015 және басқа сапа стандарттарының талаптарын орындау үшін маңызды екендігін айтып өтті. Атап айтсақ олар: Университет стандарты, Құрылым ережесі, Қызметтік нұсқау, Жұмыс нұсқауды дайындау, келісу және бекіту тәртібі стандартын бекітуді ұсынды. Комитет мүшелерінің бір ауыздан дауыс берді және қолдайтындарын білдірді.

Шешім: Университет стандарты, құрылым ережесі, қызметтік нұсқау және жұмыс нұсқауы бекітілсін.

5.5. Құжатталған ақпараттарды басқару процедурасы бойынша орталық басшысы С.Қырыкбаева құжаттандырылған процедура ISO 9001:2015 стандартының 7.5.3 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес құжатталған ақпараттарды басқару процедурасын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Осы «Құжатталған ақпараттарды басқару» құжаттандырылған процедурасы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің барлық құрылымдық бөлімдері тарапынан сапа менеджменті жүйесі құжаттарын дайындау және іске қосу барысында қолданылуы тиіс дей келе комитет мүшелеріне танысу үшін алдын ала таратылғандығын ескертіп өтті.

Шешім: Құжатталған ақпараттарды басқару процедурасы бекітілсін.
Әр түрлі мәселелер:

6.1. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе бойынша комитет төрайымы

А.Ошибаева ISO 9001:2015-бұл сапа менеджменті жүйелерінің халықаралық стандарты, ұйымның сапа жүйесінің тиімділігін арттыруға, үнемі жақсартуға және тұтынушылардың талаптарына сәйкес өнімдер мен қызметтер ұсынуға бағытталған, яғни осы стандарт бойынша сертификатты жаңарту аудиті — бұл ұйымның ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес жұмыс істеп жатқанын тексеретін және сертификатты ұзарту немесе жаңарту мақсатында жүргізілетін аудит екенін айтып, сөз кезегін С.Қырықбаеваға ұсынды. Орталық басшысы ISO 9001:2015 Халықаралық стандарты бойынша сертификатты жаңарту аудиті 13-16 мамыр күндері өткізілу жоспарланып жатқандығын және жұмыс тобы құралытындығын жөнінде айтып өтті. Қосымша мәліметтерді жақын күндері хабардар ететіндігін ескертіп өтті.

Шешім: ISO 9001:2015 Халықаралық стандарты бойынша сертификатты жаңарту аудитіне дайындық жүргізілсін. Жұмыс тобын құрылсын.

6.2. Құрылымдық бөлімдердің идентификациялық нөмірлерін бекітуге ұсыну — бұл университет құрылымдық бөлімдерін басқару және тіркеу үшін қолданылатын маңызды процедура болып келеді. Университетте әрбір құрылымдық бөлімнің өз нөмірі болуы керек, бұл құжат айналымы, бақылау, есепке алу және ішкі ұйымдастыруды жеңілдетуге көмектеседі. Сол себепті идентификациялық нөмірлерді бекітуге ұсыну — осы нөмірлерді ресми түрде енгізу мен бекіту үшін құжат ретінде ұсынылады деп айтып өтті орталық басшысы С.Қырықбаева. Комитет мүшелері идентификациялық нөмірлерді бекітуді қолдайтындарын білдірді.

Шешім: Құрылымдық бөлімдердің идентификациялық нөмірлері бекітілсін.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы:



А.Ошибаева

Хатшы:



Ж.Сейткулова